

"Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 167 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2026 жылғы 24 сәуірдегі № 93 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 28 сәуірде № 38562 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 167 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11541 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-23) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі

Н. Сауранбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қаржы Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының

Көлік министрі

2026 жылғы 24 сәуірдегі

№ 93 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрінің міндетін

атқарушысының

2015 жылғы 24 ақпандағы

№ 167 бұйрығымен

бекітілген

Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесі

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушы шығындарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемін айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 2-тармағының 34-23) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Ресей Федерациясы аумағында орналасқан Қазақстан Республикасы темір жол учаскелері мен Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан Ресей Федерациясы темір жол учаскелері бойынша өтетін әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын субсидиялау көлемі 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Темір жол көлігі кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімге сәйкес бекітілетін теміржол жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесіне сәйкес айқындалады.

3. Әдістеменің есебін және қолданылуын анықтайтын негізгі қағидаттар мыналар болып табылады:

- 1) жолаушылар теміржол тасымалының стратегиялық және әлеуметтік маңызы;
- 2) жолаушылар тасымалының тиімділігін арттыру, тасымалдаушы үшін маршруттарға қызмет көрсетудің экономикалық орындылығы;
- 3) пойыздардың қажетті құрамын, жүру маршрутын және жүру учаскелері бойынша сұранысын айқындау;
- 4) жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдау процесінің қатысушыларына тең экономикалық жағдайларды қамтамасыз ету;
- 5) мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидиялар тасымалдаушылардың баға (тариф) реттеуден болған шығындарын өтеу халық үшін жолаушылар теміржол көлігінің қолжетімділігін қамтамасыз ету ескеріледі.

4. Осы Әдістемені қолдану мақсатында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаудан кірістері – теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдаудан түскен ақшалай түсімдер әлеуметтік маңызы бар қатынастар және вагон түрлері бойынша;
- 2) вагонның жүрісі (вагон айналымы) – вагондар санының жөнелтілу станциясынан межелі станцияға дейін және кері қарай тасымалдау қашықтығына (километр мөлшерімен) көбейтінді ретінде есептелетін вагон-километрде (километр мөлшерімен) өлшенетін көрсеткіш;
- 3) жолаушылар айналымы – жолаушылар тасымалдарының көлемін жолаушы-километрде көрсететін көрсеткіш, жолаушылар санының тасымалдау қашықтығына көбейтіндісі ретінде есептеледі;
- 4) жол жүрудің орташа ұзақтығы – жолаушы-километрдің жөнелтілген жолаушылар санына қатынасымен анықталады;
- 5) кезең шығыстары – тұрақты шығыстар ретінде анықталған және сатылған өнімнің немесе қызметтердің нақты түрлерімен байланысты емес шығыстар, соның ішінде үстеме шығыстар;
- 6) күрделі және депо жөндеу, техникалық қызмет көрсету және ағытпалы жөндеу – жылжымалы құрамға көрсетілетін жөндеу мен қызмет көрсетудің түрлері Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 444 бұйрығымен бекітілген Жылжымалы құрамды техникалық пайдалану, оған қызмет көрсету және жөндеу қағидаларына сәйкес жүргізіледі (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18952 болып тіркелген);
- 7) қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) – Қазақстан Республикасының Салық кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес қосылған құн салығының мөлшерлемесі;

8) қызметтердің өзіндік құны – жолаушылар тасымалдау бойынша реттелетін қызметті жүзеге асыратын тасымалдаушы шығындарының ақшалай көрінісі;

9) өлшеуіш – тасымалдау процесінің кез келген сандық сипаттамасы, олардың белгілері өлшегіштің атауы, өлшеу бірлігі және маңызы болып табылады;

10) өндірістік факторлар – жолаушыларды тасымалдаудың технологиялық ерекшеліктерін ескеретін факторлар (жылжымалы бірліктің түрі, жылдамдығы және т.б.);

11) рентабельділік (пайда нормасы) – бюджеттік өтінімді қалыптастыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық пайыздық мөлшерлеменің деңгейінде айқындалатын, пайда нормасының коэффициенті түрінде өрнектелген ($((\text{пайыздар мөлшерлемесі} + 100) / 100)$) шығыстардың бір теңгесіне келетін пайда көрсеткіші;

12) тасымалдаушының шығындары – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтық міндеттемелерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы теміржол көлігінің негізгі қызметі бойынша шығыстар номенклатурасында ескерілген тасымалдаушының жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға арналған шығындары;

13) уақытша төмендетуші коэффициент – бюджеттік өтінімді және конкурстық құжаттаманы қалыптастыру кезінде осы Әдістеменің 2-тарау 5-параграфының 45-тармағында көрсетілген басымдыққа сәйкес айқындалған және кейіннен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19617 болып тіркелген) Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен коэффициент;

14) ұйым шығыстары – активтердің шығуына немесе капиталдың азаюына алып соғатын міндеттердің пайда болуы нәтижесінде экономикалық пайдалардың төмендеуі;

15) үстеме шығыстар – бұл өзіндік құнға (тауарлардың, қызметтердің) қосылатын өнімдердің (қызметтің) бірнеше түрлерін өндірумен байланысты жанама шығыстар;

16) шығындар бабы (шығындар бағыты) – нәтиже, оған қол жеткізуге жұмсалған шығыстар тікелей бағытталады;

17) шығыс өлшеуіштері – тасымалдау процесіндегі жұмысты мөлшерлік бағалауға арналған ірілендірілген өлшем бірліктері.

5. Осы Әдістеме мыналарды қамтиды:

1) жолаушылар пойызының пайдалану көрсеткіштері көлемін есептеу;

2) әлеуметтік маңызы бар қатынас бойынша жолаушыларды тасымалдаудан түсетін табысты есептеу;

3) әлеуметтік маңызы бар қатынас бойынша тасымалдаушының толық өзіндік құнға енгізілген шығындарын есептеу;

4) әлеуметтік маңызы бар қатынас бойынша жолаушыларды тасымалдауға бағаны (тарифті) реттеуден тасымалдаушылардың шығындарын жабу үшін субсидиялау көлемін айқындау.

6. Әдістеме:

1) теміржол көлігі саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) және жергілікті атқарушы органдар мыналар үшін қолданады:

әлеуметтік маңызы бар қатынаста жүретін әрбір пойыз бойынша субсидиялардың қажетті көлемін айқындау;

әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды ұзақ мерзімді субсидиялау шеңберінде бюджеттік бағдарламалар бойынша жоспарланған кезеңге бюджет өтінімін ұсыну кезінде есептердің негіздемесін беру;

республикалық және жергілікті бюджеттерден толық бөлінбеген жағдайда осы Әдістемеге сәйкес айқындалған талап етілетін субсидия көлемін әлеуметтік маңызы бар қатынастарда жүретін пойыздар (тіркемелі вагондар) арасында бөлу;

2) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушының нақты қызметі бойынша шығындар элементтері, тауарлар мен қызметтердің (жұмыстардың) бағалары, еңбекақы мөлшерлерінің көлемін айқындауға негіз болып табылмайды;

3) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушының нақты қызметі немесе жұмыс көлемі бойынша бөлінген субсидияларды ұлғайтуға (азайтуға) есептеулер жүргізуге негіз болып табылмайды;

4) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастырудан тасымалдаушының нақты қызметі нәтижесінде пайда алуды жоққа шығармайды;

5) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушының нақты қызметі бойынша субсидияларды пайдаланудың бағыттарын айқындамайды.

2-тарау. Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесі

1-параграф. Пайдалану көрсеткіштерінің көлемін айқындау

7. Жолаушылар тасымалын жүзеге асыру жөніндегі қызметтер көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталады: тасымалданған жолаушылар саны, жолаушылар айналымы, магистральдық темір жолдар бойынша вагондардың жүрісі. Көрсеткіштерді есептеу вагон түрлері бойынша жүзеге асырылады.

8. Жолаушылар пойызы вагондарының жүрісінің болжамды көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$V_{\text{ваг-км.}} = 2S * N_{\text{ваг.}} * N_{\text{рейс}}$$

мұндағы:

$V_{\text{ваг-км.}}$ – жолаушылар пойызы вагондарының жүрісінің болжамды көлемі;

$2S$ – жолаушылар пойызының маршрут қатынау қашықтығы бүкіл жүріс бойымен және Қазақстан Республикасы шегінде, пойыздар қозғалысы кестесімен айқындалатын, тура және кері қашықтық, км;

$N_{\text{ваг}}$ – әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған шартқа (бұдан әрі – субсидиялау шарты) сәйкес тендер өткізуді ұйымдастырушы арасындағы келісім бойынша өзгерістер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 30 қазандағы № 113 бұйрығымен бекітілген Шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9860 болып тіркелген) конкурстық құжаттамамен айқындалатын құрамдағы вагондар саны (бұдан әрі – Конкурс жүргізу қағидалары), вагон;

$N_{\text{рейс}}$ – жоспарланған кезеңдегі пойыздың қатынау күндерінің саны (пойыздың қатынау кезеңділігін ескере отырып, рейстер саны), Конкурс өткізу қағидаларына сәйкес конкурстық құжаттамамен айқындалатын, тендер өткізуді ұйымдастырушы мен тасымалдаушы арасындағы келісім бойынша субсидиялау шартына сәйкес енгізілген өзгерістерді ескере отырып, күн.

9. Болжанған жолаушы айналымы мынадай формула бойынша анықталады:

$$V_{\text{пасс/км}} = V_{\text{ваг-кмр}}$$

мұндағы:

$V_{\text{жолауш/км}}$ – болжанған жолаушы айналымы;

$V_{\text{ваг-км}}$ – жолаушылар пойызының вагондарының болжанған жүріс көлемі;

p – алдыңғы жыл бойынша орташа жолаушылар толымдылығы.

Жоспарланған кезеңдегі орташа халық саны өткен кезеңдегі нақты орташа халық саны негізінде белгіленеді.

Жаңа пойыз тағайындалған жағдайда жоспарланған жолаушы айналымын анықтау үшін вагонның толымдылығы облысаралық қатынастарда барлық жол жүру жолында жолаушылар пойызы вагонының 50% және ауданаралық және қала маңы (қалаішілік арасындағы) қатынастарында 35% негізге алына отырып белгіленеді.

10. "Тасымалданған жолаушылар" көрсеткіші мынадай формула бойынша анықталады:

$V_{\text{жолауш}} = V_{\text{жолауш/км/Сорт.жүріс}}$.

мұндағы:

$V_{\text{жолауш}}$ – жолаушыларды тасымалдау көлемі;

$V_{\text{жолауш/км}}$ – болжанған жолаушы айналымы;

Сорт.жүріс. – өткен жылғы бір жолаушының орташа жүріс қашықтығы.

Жаңа пойыз тағайындалғанда, сәйкес вагон түрінде жолаушының орташа жүріс қашықтығы Қазақстан Республикасының аумағында жаңа тағайындалған жолаушылар пойызының маршруттық қашықтығының жартысы ретінде анықталады.

Өткен кезең бойынша жоспарланған жолаушы айналымын және "жолаушыларды тасымалдау" көрсеткішін есептеу кезінде пайдаланылатын нақты деректер (жүктелім, жолаушы айналымы, орташа қашықтық) Инфрақұрылымның ұлттық операторының құжатындағы деректер болып табылады. Ал жолаушылар билеттерін сату автоматтандырылған жолаушылар тасымалын басқару жүйесінен тыс жүзеге асырылған жағдайда, мұндай деректер тасымалдаушыға жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуға қызмет көрсететін ұйымның құжаты негізінде айқындалады.

11. Әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыруға қажетті вагондардың жалпы саны вагон түрлері бойынша және мынадай формула бойынша анықталады:

$N_{\text{ваг.саны}} = N_{\text{қажет.ваг.}} * N_{\text{құрам}} * K_{\text{резерв}}$

мұндағы:

$N_{\text{ваг.саны}}$ - әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыруға қажетті вагондардың жалпы саны;

$N_{\text{қажет.ваг}}$ – Конкурсты өткізу қағидаларына сәйкес айлар бойынша тасымалдардың маусымдылығын немесе конкурстық құжаттаманың талаптарын ескере отырып, субсидиялау шартында көрсетілген вагон айналымының талаптарын орындау үшін пойыздың жоспарланған жүру кезеңінде құрамындағы вагондардың ең көп талап етілетін саны;

$N_{\text{құрам}}$ – бекітілген пойыз қозғалысы кестесіне сәйкес қатынау күндерінің санына (жүріс жиілігіне) жеткілікті пойыздар құрамының қажетті саны;

$K_{\text{резерв}}$ – вагондардың міндетті резерв коэффициенті: жолаушылар вагондары үшін 1,07 (жалпы вагон санының 7%), бірақ әр түрден кемінде 1 вагон болуы тиіс, бүтін санға дөңгелектенеді; электросекциялар мен дизель пойыздары үшін 3 вагон (бас, моторлы және тіркемелі).

2-параграф. Тасымалдаушының кірістерін қалыптастыру

12. Әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кірістер вагон түріне, пойыз санатына, бағыт түріне, сапар ұзақтығына, тасымалданған жолаушылар көлемі мен жолаушылар айналымына байланысты.

Жоспарланған кезеңге жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кірісті анықтау 2 кезеңде жүзеге асырылады:

Бірінші кезеңде жоспарланған кезеңге бар маршрут және вагон түрлері бойынша жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кіріс жоспарланған эксплуатациялық көрсеткіштерге сәйкес мынадай формула бойынша есептеледі:

$D_{эк.к\ddot{о}рсет} = [((D_{i-1} \text{ жол жүру} - D_{i \text{ төсек жаб.}}) \cdot K_{КҚС}) / V_{Wi-1} \text{ жол/км}] \cdot V_{Qi} \text{ жол/км}$
мұндағы:

$D_{эк.к\ddot{о}рсет}$ – жоспарланған эксплуатациялық көрсеткіштерді ескере отырып, белгілі бір вагон түрі бойынша пойыздан түсетін жолаушылар кірісінің сомасы жоспарланған кезеңге;

D_{i-1} жол жүру – тиісті вагон, пойыз типі бойынша алдыңғы кезеңдегі жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату және орындарды брондау жүзеге асырылған басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің деректері бойынша Қазақстан Республикасының шекарасындағы билеттер және бүкіл жүру жолындағы плацкарттар бойынша кіріс түсімдерінің сомасы;

$D_{i \text{ төсек жаб.}}$ – жол жүру барысында төсек-орын жабдықтарын сатудан түскен кіріс түсімдерінің сомасы, алдыңғы кезеңдегі жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату және орындарды брондау жүзеге асырылған басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің деректері бойынша;

$K_{КҚС}$ – $K_{ҚС}$ коэффициенті;

V_{Wi-1} жол/км – алдыңғы кезеңде Қазақстан Республикасының шекарасында белгілі вагон түрі бойынша пойыз жолаушылар айналымының сомасы;

V_{Qi} жол/км – жоспарланған кезеңде Қазақстан Республикасының шекарасында белгілі вагон түрі бойынша пойыз жолаушылар айналымының сомасы.

Екінші кезеңде әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша қызмет көрсетуге бағаның (тарифтердің) көтерілуін ескере отырып, жоспарланған кезеңге жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кіріс мынадай формула бойынша есептеледі:

$D_{жол жүру} = D_{эк.жол жүру} \cdot K_{тариф}$
мұндағы:

$D_{жол жүру}$ – әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдау қызметтеріне бағалардың (тарифтердің) көтерілуін ескере отырып, тиісті вагон типіндегі пойыз бойынша жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кірістер сомасы ;

$K_{тариф}$ – уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар айқындайтын жоспарланатын кезеңге арналған жол жүру құжаттарының (билеттерінің) құнын арттыру коэффициенті субсидиялау шарттарында көзделген тарифтердің көтерілу деңгейінен кем емес, бірақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 186 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалы

бойынша көрсетілетін қызметтерге бағалардың (тарифтердің) шекті деңгейлерін айқындау әдістемесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12992 болып тіркелген) (бұдан әрі – Шекті деңгейлерді анықтау әдістемесі) сәйкес есептелген тарифтердің шекті деңгейінен аспайды.

Бұл ретте, Di-1 жол жүру және Diтөсек жаб көрсеткіштерінің фактілік деректері алдыңғы кезеңде толық емес жыл бойынша қолданылса, VWi-1 жолаушы/км көрсеткіші сәйкес кезеңге қатысты қолданылады.

13. Жаңа пойыз тағайындалғанда жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кірістерді есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$D_{\text{жол жүру}} = (P_{\text{жол жүру}} / k_{\text{ҚҚС}}) * V_{\text{жол}}$$

мұндағы:

Dжол жүру – сәйкес вагон типіндегі пойыз бойынша жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кірістер сомасы;

Pжол жүру – Қазақстан Республикасы шегіндегі жол ақысы, Шекті деңгейлерді анықтау әдістемесіне сәйкес есептеледі. Орташа жол ақысы сәйкес вагон типіндегі жолаушының орташа болжамды жол жүру ұзақтығына есептеледі. Болжамды орташа ұзақтық – маршруттың толық ұзындығының 50 %-ы;

Vжол – Vтас. көрсеткіші негізінде тиісті вагон типіндегі Қазақстан Республикасының шекарасында тасымалданған жолаушылар саны.

3-параграф. Тасымалдаушы шығыстарын қалыптастыру

14. Шығыстарды қалыптастыру өндірістік-технологиялық факторларды ескере отырып, жолаушылар пойызының әрбір маршруты бойынша жүзеге асырылады.

$$R_{\text{тасымалдаушы}} = R_{\text{МТЖ}} + R_{\text{лок}} + R_{\text{ранықтама}} + R_{\text{қолжетімділік}} + R_{\text{су/отын жабдық}} + (R_{\text{е.к}} + R_{\text{әлеу. ауд}} + R_{\text{рем}} + R_{\text{ТҚ}} + R_{\text{биодәретхана}} + R_{\text{сан/гиг}} + R_{\text{жүріс}} + R_{\text{шаруаш. жүріс}} + R_{\text{элэнергия}}$$

$$+ R_{\text{диз. отын шығ}} + R_{\text{вагон. шығындар}} R_{\text{өзіндік шығындар}} + R_{\text{сыйақы}}) / V W_{\text{ваг-км}} * V Q_{\text{ваг-км}}$$

мұндағы:

Rтасымалдаушы – толық өзіндік құнына енгізілген тасымалдаушының шығысы;

RМТЖ – магистральдық теміржол желісін пайдалану қызметі үшін шығыстар (бұдан әрі – МТЖ);

Rлок – локомотивпен тартуды ұсыну қызметі үшін шығыстар;

Rранықтама – теміржол вокзалдарындағы анықтамалық-ақпараттық қызметтерге шығындар көлемі;

Rқолжетімділік – жалпы пайдалану үшін вокзал ғимараттарына қолжетімділік шығындары;

Rсу/отын жабдық – вагондарды сумен және отынмен жабдықтау шығындары;

Rе.к. – еңбекақы қоры;

Рәлеу.ауд.– пойыз бастықтарының, пойыз бригадаларының, локомотив бригадаларының еңбекақы қорынан есептелетін және жұмыс берушінің есебінен төленетін салықтар, аударымдар мен жарналар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес төленетін әлеуметтік салық пен жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін әлеуметтік аударымдар, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар";

Ррем – жоспарланған кезеңдегі күрделі/депо жөндеу шығындары;

РТҚ – жолаушылар вагондарын, электросекцияларды және дизель пойыздарын техникалық қызмет көрсету шығындары;

Рбиодәретхана – биодәретханаларды ассенизаторлық тазалау шығындары;

Рвагон.шығындары – вагондарды немесе электр секциялы вагондарды және дизель пойыздарын пайдалану құнын өтеуге арналған шығыстар;

Рсан/гиг – вагондар (пойыз) жабдықтарына арналған алынбалы құралдар, санитарлық-гигиеналық құралдар және санитарлық тазалау шығындары;

Ржүріс – басқа пойыз құрамында жүрген вагонның жүріс шығындары;

Ршаруаш.жүріс – жолаушылар вагондарын қайта дислокациялау бойынша шаруашылық және маневрлік жұмыстарды орындау үшін локомотив тарту қызметтеріне (бұдан әрі – шаруашылық қозғалысы) шығындары;

Рэлэнергия – электросекция жұмыстарына арналған электр энергия шығындары;

Рдиз.отын шығ – пойыз жұмысына арналған дизель отыны шығындары;

Рөзіндік шығындар – тасымалдаушының өзіндік құнына кіретін толық шығындары, ҚҚС есепке алынбайды;

Рсыйақы – жаңа вагондарды, электросекцияларды және дизель пойыздарды сатып алу кезінде несие беру мен қаржылық лизинг бойынша сыйақы төлеу жөніндегі тасымалдаушының шығыстары;

VWіваг-км – жоспарланған кезеңге сәйкес пойыз құрамында жүретін вагонның жалпы жүрісі, ваг/км;

VQіваг-км – жоспарланған кезеңге сәйкес пойыз құрамында жүретін вагонның Қазақстан Республикасының аумағындағы жүрісі, ваг/км.

15. Магистраль темір жол желісін пайдалану қызметтері үшін шығындарды есептеу мынадай формула бойынша есептеледі:

төмендету коэффициентінсіз:

$$PMTЖ = V_{\text{ваг-км}} * PMTЖ$$

төмендету коэффициентімен:

$$PMTЖ = V_{\text{ваг-км}} * PMTЖ * k_{MТЖ}$$

мұндағы:

PMTЖ – МТЖ пайдалану қызметі үшін шығыстары;

$V_{\text{ваг-км}}$ – жоспарланған кезеңге вагон-км көлемі (ваг-км);

$PMТЖ$ – МТЖ пайдалану қызметі үшін тариф, теңге;

$kMTЖ$ – уақытша төмендету коэффициенті (бұдан әрі - УТК).

16. Локомотивтік тарту қызметтері бойынша шығындарды есептеу екі кезеңде анықталады:

1-кезең: Пойыз бойынша қызмет құны:

$$R_{\text{лок}} = (V_{\text{теп.лок.сағ}} P_{\text{теп.лок.сағ}}) + (V_{\text{элек.лок.сағ}} P_{\text{элек.лок.сағ}})$$

мұндағы:

$R_{\text{лок}}$ – пойыз бойынша локомотивтік тарту қызметтері шығындары;

$V_{\text{теп.лок.сағ}}$ – жоспарланған тепловоз тарту локомотив сағаттарының саны;

$P_{\text{теп.лок.сағ}}$ – осы Әдістеменің 2-тарау 4-параграфында белгіленген тәртіппен айқындалатын тепловоз тартуы қызметтеріне арналған тариф, теңге;

$V_{\text{элек.лок.сағ}}$ – электровоз тартуының жоспарланатын локомотив-сағат саны;

$P_{\text{элек.лок.сағ}}$ – осы Әдістеменің 2-тарау 4-параграфында белгіленген тәртіппен айқындалатын электровоз тартуы қызметтеріне арналған тариф, теңге.

2-кезең: Вагонның түрлері бойынша қызмет құны:

$$R_{\text{лок.ваг}} = R_{\text{лок}} / V_{Q_{\text{ваг-км.пойыз}}} V_{Q_{\text{ваг-км.ваг}}}$$

мұндағы:

$R_{\text{лок.ваг}}$ – пойыз құрамында жүрген і-типтегі немесе вагондар тобы бойынша қызмет құны, теңге;

$R_{\text{лок}}$ – пойыз бойынша қызмет құны, теңге;

$V_{Q_{\text{ваг-км.пойыз}}}$ – жоспарланған кезеңде Қазақстан аумағындағы пойыздың вагон-км көрсеткіші;

$V_{Q_{\text{ваг-км.ваг}}}$ – жоспарланатын кезеңге Қазақстан Республикасының аумағы бойынша пойыздың жүрісі, ваг/км.

17. Еңбекақы төлеу бойынша шығыстар жолсеріктердің, пойыз бастықтарының, локомотив бригадаларының (электр секциялары мен дизель пойыздары бойынша) еңбекақысынан тұрады.

18. Өндірістік персоналдың нормативтік санын анықтау келесі негізгі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі: вагондар саны мен рейстер саны (тоқсан бойынша), пойыздардың қозғалыс кестесі бойынша, вагондарды жолсеріктермен қызмет көрсету нормасы (жыл мезгіліне байланысты); бір жолсеріктің рейске арналған жұмыс уақыты (қыста, жазда) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік және жолдар комитетінің төрағасының 2014 жылғы 5 наурыздағы № 11 бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігі жүйесінің жолаушылар және қала маңындағы пойыздар вагондарына қызмет көрсетуге арналған жұмыскерлердің уақыты мен санының нормаларына сәйкес бір жолсеріктің (тоқсан бойынша) жұмыс уақытының нормасы, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 74 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 6859 болып тіркелген) пойыздар қозғалысына тікелей байланысты теміржол көлігі қызметкерінің жұмыс уақыты мен демалу уақытын есепке алу ерекшеліктеріне сәйкес, жолсеріктердің технологиялық (келу) саны (тоқсан бойынша) жолсеріктердің орташа жылдық саны; пойыз бастықтарының орташа жылдық саны, пойыз бригадаларының саны, локомотив бригадаларының саны (электросекциялар мен дизельдік пойыздар бойынша).

Технологиялық (келу) жолсерік саны мына формула бойынша есептеледі:

$$N_{\text{жолсерік}} = \sum_{i=1}^4 N_{\text{ваг.}i} \cdot n_{\text{жолсерік.}i} \cdot N_{\text{рейс}i} / n_{\text{тжолсерік.}i}$$

мұндағы:

$N_{\text{жолсерік}}$ – технологиялық (келу) жолсерік саны;

$N_{\text{ваг.}}$ – сәйкес тоқсандағы вагондар саны;

$N_{\text{жолсерік}}$ – рейсаралық қызмет уақытын ескере отырып тоқсанға сәйкес жолсеріктің вагондарды қызмет көрсету нормасы;

$N_{\text{рейс}}$ – сәйкес тоқсандағы рейстер саны;

$t_{\text{жолсерік}}$ – сәйкес тоқсанға бір жолсеріктің рейске арналған жұмыс уақыты;

$n_{\text{тжолсерік}}$ – сәйкес тоқсанға бір жолсеріктік жұмыс уақыт нормасы;

i – тоқсан нөмірі.

Жолсеріктердің нормативтік саны бойынша еңбекақы қоры мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{e.a. \text{ жолсерік}} = N_{\text{жолсерік}} / N_i \cdot 1,1 \cdot R_{e.a. \text{ Най}}$$

мұндағы:

$R_{e.a. \text{ жолсерік}}$ – жолсеріктердің нормативтік саны бойынша еңбекақы қоры;

$1,1$ – еңбекке жарамсыздық парағы мен еңбек демалыстары кезеңіндегі ауыстыру коэффициенті;

$R_{e.a.}$ – осы Әдістеменің 2-тарау 4-параграфында көрсетілген тәртіпке сәйкес жолсеріктердің орташа салалық еңбекақысы, теңге;

N_i – жолсеріктердің технологиялық саны есептелетін тоқсандық саны;

$N_{\text{ай}}$ – жоспарланған жолаушылар тасымалы кезеңі, айларда.

Пойыз бастығының нормативтік саны бойынша еңбекақы қоры мынадай формула бойынша есептеледі:

$$A_n = ((N_{\text{рейс } 1\text{тоқсан}} + N_{\text{рейс } 2\text{тоқсан}} + N_{\text{рейс } 3\text{тоқсан}} + N_{\text{рейс } 4\text{тоқсан}}) \cdot (n_{\text{тқыс}} + n_{\text{тжаз}})$$

$$/ 2 / (n_{\text{рт}1\text{тоқсан}} + n_{\text{рт}2\text{тоқсан}} + n_{\text{рт}3\text{тоқсан}} + n_{\text{рт}4\text{тоқсан}}) \cdot 1,1 \cdot R_{e.a.} \cdot N_{\text{ай}} \cdot 1,5$$

мұндағы:

A_n – пойыз бастығының нормативтік саны бойынша еңбекақы қоры;

$n_{\text{тқыс}}$ – қысқы уақыттағы жолда жүру уақыты;

$n_{\text{тжаз}}$ – жазғы уақыттағы жолда жүру уақыты;

$n_{\text{рт}}$ – тиісті тоқсандағы жұмыс уақытының нормасы;

Ре.а.– осы Әдістеменің 2-тарау 4-параграфында көрсетілген тәртіпке сәйкес, пойыз бастығының орташа салалық еңбекақысы, теңге;

Най.– жоспарланған жолаушылар тасымалы кезеңі, айларда;

1,1 – еңбекке жарамсыздық парағы мен еңбек демалыстары кезеңіндегі ауыстыру коэффициенті;

1,5 – пойыз бастығының лауазымдық көтеру коэффициенті.

Вагонға пойыздар бастықтарының еңбегіне ақы төлеу қоры пойыздағы вагондардың жүруінен нақты анықталады.

19. Локомотивтік бригада санын анықтау мынадай базалық көрсеткіштерден тұрады : электросекциялар мен дизельдік пойыздар құрамының саны, бір айдағы күндер саны, бір тәулікте локомотивтің үздіксіз жұмыс істеу уақыты, жұмыс уақытының орташа жылдық нормасы.

Электросекциялар мен дизельдік пойыздар машинистерінің саны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$N_{\text{машин.}} = (N_{\text{құрам}} * N_{\text{күн.ай}} * t_{\text{лок.}}) / n_{\text{тмашин.}}$$

мұндағы:

$N_{\text{машин.}}$ – электросекциялар мен дизельдік пойыздар машинистерінің саны;

$N_{\text{құрам}}$ – пойыздар қозғалысының бекітілген кестесіне сәйкес қатынау күндерінің санын (мерзімділігін) орындау үшін жеткілікті құрамдар саны;

$N_{\text{күн.ай}}$ – бір айдағы күндер саны;

$t_{\text{лок.}}$ – 24 сағатқа тең локомотивтің тәулікте үздіксіз жұмыс істеу уақыты;

$n_{\text{тмашин.}}$ – машинистің орташа жылдық жұмыс істеу нормасы.

20. Машинист көмекшісінің саны ($N_{\text{машин.көмекшісі}}$) өндіру нормасын жоспарлау бойынша және нормаланған ғимараттар мен даярлау-қорытындылау уақытының нормативі, локомотивтік бригадалар үшін қосымша операциялар әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес мынадай есептеледі: әр машинистке бір көмекші, дизельдік пойыздардағы жұмыс кезінде қосымша екінші көмекші көзделеді.

Локомотивтік бригада санының жалақысын төлеу қоры мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{\text{лок.бригада жалақысы}} = N_{\text{машин}} * 1,1 * R_{\text{жалақы}} * N_{\text{ай}} + N_{\text{машин.көмекшісі}} * 1,1 * R_{\text{жалақы}} * N_{\text{ай}}$$

мұндағы:

$R_{\text{лок.бригада жалақысы}}$ – локомотивтік бригада санының жалақысын төлеу қоры;

1,1 – еңбекке жарамсыздық қағазы мен еңбек демалысы кезеңіндегі міндетін атқару коэффициенті;

$R_{\text{жалақы}}$ – осы Әдістеменің 2-тарау 4-параграфында белгіленген тәртіппен айқындалатын машинистер мен машинист көмекшілерінің орташа салалық жалақысы, теңге;

$N_{\text{ай}}$ – айларда жолаушылар тасымалын жоспарлау кезеңі.

21. Жылжымалы құрамды күрделі және деполық жөндеу.

Меншікті жылжымалы құрамды күрделі және деполық жөндеу көлемдерінің есебі мынадай формулалар бойынша айқындалады:

Жолаушы вагондары үшін:

$$R_{\text{жөндеу}} = N_{\text{шығын}} * n_{\text{жөндеу}} * N_{\text{іай}} * P_{\text{жөндеу}}$$

Электрсекция және дизель пойыз вагондары үшін:

$$R_{\text{жөндеу}} = N_{\text{жалпы сан}} * n_{\text{жөндеу}} * N_{\text{іай}} * P_{\text{жөндеу}}$$

мұндағы:

$R_{\text{жөндеу}}$ – жоспарланған кезеңге арналған күрделі/депо жөндеу шығындары;

$N_{\text{жалпы сан}}$ - әлеуметтік маңызды қатынастар бойынша жолаушылар тасымалы үшін қажетті вагондардың жалпы саны;

$n_{\text{жөндеу}}$ – жоспарланған кезеңге орташа нормативтік жөндеу коэффициенті;

$N_{\text{іай}}$. – жоспарланған жолаушылар тасымалы кезеңі, айлармен;

$P_{\text{жөндеу}}$ – осы Әдістеменің 2-тарау 4-параграфында белгіленген тәртіппен тиісті жөндеу түріне арналған бір вагонға тариф анықталады, теңге.

Жоспарланатын кезеңге орташа есеппен нормативтік жөндеу жүргізу коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$n_{\text{жөндеу}} = N_{\text{тжөндеу}} / t_{\text{экспл}}$$

мұндағы:

$n_{\text{жөндеу}}$ – жоспарланған кезеңге орташа нормативтік жөндеу коэффициенті;

$N_{\text{тжөндеу}}$ – вагонның бүкіл қызмет ету мерзімі бойына жоспарланған жөндеу саны, уәкілетті орган анықтайды;

$t_{\text{экспл}}$. – вагонның пайдалы қызмет ету мерзімі, айлармен.

Құрам саны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$N_{\text{құрам}} = Z_n * V_{\text{құрам}}$$

мұндағы:

$N_{\text{құрам}}$ – пойыздар қозғалысының бекітілген кестесіне сәйкес қатынау күндерінің санын (кезеңділігін) орындау үшін жеткілікті құрамдар саны;

Z_n – тәулікте жіберілетін пойыздар саны;

$V_{\text{құрам}}$ – жолаушы құрамының айналымы, тәулікпен.

Пойыздар күн сайын рейске шыққан жағдайда: $Z_n = 1$, әр екінші күн сайын рейске шықса: $Z_n = 0,5$, және т.б.

Жолаушы құрамының айналымы – $V_{\text{құрам}}$ уақыты, құрамның қалыптастыру пунктiнен рейске жөнелтілген сәтiнен бастап, қалыптастыру пунктiне қайтып оралған сәтiне дейiнгi уақыт, толық тәулікпен өлшенеді.

$$V_{\text{құрам}} = (1/24)(t_1 + (1/v_{n1}) + (1/v_{n2}) + t_2)$$

мұндағы:

$t_1 t_2$ – сәйкесінше құрамның қалыптасу және айналым пунктінде тұру уақыты, сағат;

l – қалыптасу пунктiнен айналым пунктiне дейiнгi қашықтық, км;

$v_{m1}v_{m2}$ – сәйкесінше пойыздың қалыптасу пунктiнен айналым пунктiне дейiнгi және керi бағыттағы маршруттық жылдамдығы, км/сағ.

22. Жолаушылар вагондарына тиiстi көлемде техникалық қызмет көрсету (бұдан әрi – ТҚ).

Базалық көрсеткiштер: пойыздардың қозғалыс графигiнде (кесте) көзделген құрамдағы вагондар, айналымдағы құрамдардың, рейстердiң саны, сумен және қатты отынмен жабдықтау жүзеге асырылатын станциялар саны, жол жүру уақыты, вагон-тәулiк.

ТҚ-2 қажеттiлiгi мынадай формула бойынша есептеледi:

$$РТҚ2=(N_{\text{ваг.}}*k_{\text{резерв.}}*N_{\text{құрам}}*2*РТҚ2)/12*N_{\text{iай}}$$

ТҚ-3 қажеттiлiгi мынадай формула бойынша есептеледi:

$$РТҚ3=(N_{\text{ваг.}}*k_{\text{резерв.}}*N_{\text{құрам}}*1,3*РТҚ3)/12*N_{\text{iай}}$$

ТҚ-1 қажеттiлiгi мынадай формула бойынша есептеледi:

$$РТҚ1=(N_{\text{ваг.}}*N_{\text{рейс}}+V_{\text{жөндеу}})*РТҚ-1$$

"Тұлпар-Тальго" вагондарының техникалық қызмет көрсету қажеттiлiгi мынадай формула бойынша есептеледi:

$$РТҚ_{\text{тальго}}=(N_{\text{ваг.}}*k_{\text{резерв.}}*N_{\text{құрам}}*РТҚ_{\text{тальго}})/12*N_{\text{iай}}$$

Ескертпе: ағымдағы тiркеуден алып жөндеу ТҚ-1 үнемдеу есебiнен жүргiзiледi.

мұндағы:

РТҚ2 – ТҚ-2 көлемiндегi техникалық қарау шығыстары;

РТҚ3 – ТҚ-3 көлемiндегi техникалық қарау шығыстары;

РТҚ1 – ТҚ-1 көлемiндегi техникалық қарау шығыстары;

РТҚ_{тальго} – "Тұлпар-Тальго" вагондарын техникалық қарау шығыстары;

Нрейс – уәкiлеттi орган, жергiлiктi атқарушы органдар және тасымалдаушы арасындағы келiсiм бойынша енгiзiлген өзгерiстердi ескере отырып, Конкурс өткiзу қағидаларына сәйкес конкурстық құжаттамамен айқындалатын жоспарланатын кезеңдегi пойыздың қатынау күндерiнiң саны (пойыздың қатынау жиiлiгiн ескере отырып, рейстер), күн;

Нқұрам – пойыздар қозғалысының бекiтiлген кестесiне сәйкес қатынау күндерiнiң санын (мерзiмдiлiгiн) орындау үшiн жеткiлiктi айналымдағы құрамдар саны;

2 – 2-көлемдегi техникалық қызмет көрсетудi (күзгi-көктемгi тексеру) жүргiзу қажеттiлiгiнiң коэффициентi;

1,3 – ТҚ 3 жүргiзу қажеттiлiгiнiң орташа коэффициентi;

12 – жылдағы айлар саны;

Vжөндеу – күрделi жөндеуге, деполық жөндеуге, ТҚ-2, ТҚ-3 жiберiлетiн вагондардың саны;

Niай. – айлардағы жолаушылар тасымалының жоспарланатын кезеңi;

РТҚ-1/РТҚ-2/РТҚ-3 – осы Әдiстеменiң 2-тарау 4-параграфында орнатылған тәртiпте анықталатын техникалық қызмет көрсетудiң тиiстi түрлерiнiң тарифы;

РТҚТальго – осы Әдістеменің 2-тарау 4-параграфында орнатылған тәртіпте анықталатын Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ағымдағы курсы бойынша аударымын ескере отырып "Тұлпар-Тальго" вагондарына техникалық қызмет көрсету тарифы, теңге

"Тұлпар-Тальго" вагондарының техникалық қызмет көрсетуі ІМ-2, ІМ-3, ІМ-4 көлемінде.

ІМ-2 қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{IM2} = V_{\text{ваг-км}} / 750\,000 * P_{IM-2}$$

ІМ-3 қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{IM3} = V_{\text{ваг-км}} / 1\,500\,000 * P_{IM-3}$$

ІМ-4 қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{IM4} = V_{\text{ваг-км}} / 3\,000\,000 * P_{IM-4}$$

мұндағы:

R_{IM2} – ІМ-2 көлемінде техникалық қызмет көрсетуге кететін шығындар;

R_{IM3} – ІМ-3 көлемінде техникалық қызмет көрсетуге кететін шығындар;

R_{IM4} – ІМ-4 көлемінде техникалық қызмет көрсетуге кететін шығындар;

$V_{\text{ваг-км}}$ – жоспарланған кезеңге арналған вагон-км көлемі (мың ваг-км);

750 000 – ІМ-2 көлемінде техникалық қызмет көрсетуге арналған жүру нормасы;

1 500 000 – ІМ-3 көлемінде қызмет көрсету нормасы;

3 000 000 – ІМ-4 көлемінде қызмет көрсету нормасы;

$P_{IM-2}/P_{IM-3}/P_{IM-4}$ – осы Әдістеменің 2-тарау 4-параграфында көрсетілген тәртіппен анықталатын, Ұлттық банк ағымдағы курсы бойынша конвертацияны ескере отырып. "Тұлпар-Тальго" вагондарының техникалық қызмет көрсету тарифі, теңге,

"Штадлер" вагондарының техникалық қызмет көрсету қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{TO\text{Штадлер}} = V_{\text{ваг-км}} * P_{\text{тоштадлер}}$$

мұндағы:

$R_{TO\text{Штадлер}}$ – "Штадлер" Қазақстан вагондарының техникалық қызмет көрсету шығындары;

$V_{\text{ваг-км}}$ – жоспарланатын кезеңге арналған вагон-км (ваг-км) көлемі;

$P_{TO\text{Штадлер}}$ – осы Әдістеменің 2-тарау 4-параграфында көрсетілген тәртіппен "Штадлер" Қазақстан вагондарының техникалық қызмет көрсету тарифі, теңге.

Астана, Алматы, Қызылорда қалалары үшін жолаушылар вагондарына, оның ішінде "Тұлпар-Тальго" және "Штадлер" вагондарына ТҚ-1 көлемінде техникалық қызмет көрсетуге арналған шығыстар және Астана, Алматы, Қызылорда қалаларындағы қалыптастыру пункттері үшін шаруашылық қозғалысына арналған шығыстар мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{TO1г} = R_{TO1} + R_{\text{шаруашылық шығын}}$$

мұндағы:

РТОшаруашылық шығын = $N_{рейс} * T * P$

мұндағы:

РТО1г – ТО-1 көлемінде Астана, Алматы, Қызылорда қалалары үшін, соның ішінде "Тұлпар-Тальго" және "Штадлер" вагондарының техникалық қызмет көрсету шығындары;

РТО1 – ТО-1 көлеміндегі техникалық қызмет көрсету шығындары;

РТОшаруашылық шығын – вагондарды техникалық немесе ранжирлік паркке рейске дайындау үшін шаруашылық қозғалыс шығындары;

Ррейс – уәкілетті орган, жергілікті атқарушы органдар және тасымалдаушы арасындағы келісім бойынша енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Конкурс өткізу қағидаларына сәйкес конкурстық құжаттамамен айқындалатын жоспар кезеңдегі пойыздың қатынау күндерінің саны (пойыздың қатынау жиілігін ескере отырып, рейстер), күн;

T – шаруашылық қозғалыстағы барып қайту үшін жұмыс уақыты (6 сағат);

P – осы Әдістеменің 2-тарау 4-параграфында көрсетілген тәртіппен шаруашылық қозғалыс тарифі, анықталады.

23. Электр секцияларына және дизельді пойыздарға көлемдер бойынша техникалық қызмет көрсетудің базалық көрсеткіштері: жалпы жоспарланған жүрісті, нормативтік (жөндеуаралық) жүрісті есептеу арқылы жүзеге асырылады.

Жылжымалы құрамға көлемдер бойынша техникалық қызмет көрсету көлемдерін есептеу формулалар бойынша айқындалады:

ТҚ-8 қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$РТҚ8 = (V_{ваг/км} / V_n_{ваг/км} V_{КР1}) * РТҚ-8$$

ТҚ-7 қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$РТҚ7 = (V_{ваг/км} / V_n_{ваг/км} V_{ТҚ-8}) * РТҚ-7$$

ТҚ-6 қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

